

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 568 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1398 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 тамыздағы N 1041 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.10 N 1041 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және сату ережесін, Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы № 568 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 26, 249-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи газды жеткізу, тасымалдау және с а т у е р е ж е с і н д е :

4-тармақтың жиырма жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«уәкілетті орган - мұнай-газ өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Сұйытылған көмірсутекті газдарды жеткізу, тасымалдау және пайдалану ережесінде:

7-тармақтың он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«уәкілетті орган - мұнай-газ өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*